

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 44 (9362) | 1954 жылғы 27 февраль Сенбі | Шығуына 34 жыл және саны 20 тыйын.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—бүкілхалықтық іс

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі—астық шаруашылығын, әсіресе аса бағалы азық-түліктік дақыл—бидай өндіруді үнемі арттыра беру керек екені атап көрсетілді. Бізде астық неғұрлым көп өндірілсе, тем нан ғана емес, ет те, май да, мал шаруашылығының басқа өнімдері де солғұрлым көп болады.

Республикамыздың социалистік ауыл шаруашылығын мейлінше өркендету үшін орасан бай резервтер мен мүмкіншіліктер бар. Астық өндіруді ұлғайтудың ірі резерві тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дөңді дақылдар егісінің көлемін кеңейтіп, оған алынатын өнімді молайту болып табылады. Ондай жерлерде жандық бидай, соның ішінде қатты бидайдың неғұрлым бағалы сортын және басқа дақылдар өсіруге болатындығын озат егіншілердің тәжірибесі мен ғылым дәлелден отыр.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына және партия мен үкметтің оған кейінгі қарарларына сәйкес республикамызда екі жылдың ішінде тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндіру көзіргіден бірнеше есе ұлғайтылады. Мұның өзі Қазақстан үшін мемлекеттік маңызы зор күрделі іс екенін мынадан көруге болады: соңғы 40 жылдың ішінде (1913 жылдан 1953 жылға дейін) Қазақстанда барлық егіс көлемінің өсуі 5 миллион гектардан астам болса, 1954—1955 жылдары 6 миллион 300 мың гектар тың және тыңайған жер игеру белгіленіп отыр. Республикамыздың ең астықты облыстарындағы жаңадан игерілетін жерлерде 90 ірі астық совхозы ұйымдастырылады. Совет мемлекеті Қазақстанға орасан көп тракторлар, ауылшаруашылық машиналарын әкеледі. Сөйтіп, тың және тыңайған жерлерді игеру—Қазақстанның астық өндіру жөнінен еліміздің жетекші аудандарының біріне айналуына мүмкіндік туғызады.

СОКП Орталық Комитетінің сайлаушыларға арнаған үндеуінде былай делінген: «Бізде МТС-тердің, колхоздар мен совхоздардың жұмысында кемшіліктер әлі өте көп, пайдаланылмай жатқан резервтер де көп. Мысалы, еліміздің шығыстағы, оңтүстік-шығыстағы аудандарында және басқа аудандарында тың жерлер мен тыңайған жерлерді игеру есебінен көптеген жерлерде, құрылыс материалдарын, стан-дартты үйлер және басқаларын болуде. Үстіміздегі жылдың өзінде республикаға МТС-тер үшін 39 мың трактор (15 аттық күші бар), совхоздар үшін 14 мың 800 трактор әкелінеді. Мұның өзі быйылдың өзінде-ақ МТС-тер мен совхоздардың материалдық-техникалық базасын жасауды қауырт өсіреді.

Совет мемлекеті экономика мен мәдениетті өркендетуде республикамызға орасан зор көмек көрсетіп келеді. Бірақ осыған қарамастан бізде халық шаруашылығын өркендетуде ірі-ірі кемшіліктерге жол берілді. Әсіресе ауыл шаруашылығы артта қалуда. Көптеген жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары ауыл шаруашылығын өркендетудің перспективалы мәселелерін қанағаттанғысыз шешеді. Егіннің шығымдылығы төмен. Машина-трактор станциялары мен машина-малшаруашылық станцияларының жұмысындағы ірі кемшіліктер әлі жойылған жоқ. Колхоздар мен совхоздарға орасан бай резервтер жеткілікті пайдаланылмайды. Республиканың көптеген партия және совет органдарының басшылары, республиканың Ауыл шаруашылығы мен Совхоздар министрліктері ауылшаруашылық өндірісінің негізгі базасы болып табылатын астық шаруашылығын оған әрі өркендету үшін тың және тыңайған жерлерді игерудің маңыздылығын жете бағаламады. Осындай ірі кемшіліктерді тез және батыл жою—республика партия ұйымдарының ең шұғыл міндеті.

Тың және тыңайған жерлерді игеретін облыстарда, әсіресе Көкшетау, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан сыяқты облыстарда көп жұмыстар істелуге тиіс. Бұл облыстардың озат колхоздары мен МТС-тері тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты жұмыстармен шұғылданауда, Ақмола облысының Шортанды ауданындағы колхоздар егіске сортты тұқым қорын әзірлеуде. Совет МТС-інің (Солтүстік Қазақстан облысы) механизаторлары станция қамтуындағы колхоздарда 12 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге міндеттенді. Мұнда тың жерлерді көтеретін арнаулы 10 трактор бригадасы құрылды.

Көзіргі көктемгі егіс жұмыстарына әзірліктің ең жауапты кезеңі туды. Тың және тыңайған жерлерді игеру сыяқты өте көлемді, әрі жауапты жұмыстарды атқаруды қызығандықпен қарастырып, тем

Тың және тыңайған жерлерді игеруге барайық!

1954 жылғы 24 февральда, Алматыда, Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында тың жерлер игеретін аудандарға баратын жастардың жыйналысы болды. Жыйналысқа қаланың партия, комсомол және қоғам ұйымдарының өкілдері қатысты.

...Театр сахнасы мерекедегідей жыйналған. Проекторлардың сәулесімен алкызыл ту жарқырай түседі. Ортада комсомол значегінің үлкен бейнесі. Сахна маңдайшасында мынадай жазу бар: «Тың жерлерге баратын патриоттарға жалынды сәлем! Қымбатты жолдастар, жолдарың болсын!».

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Крупин жолдас жыйналысты ашып, Коммунистік партияның тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысын өрістетуге шақыруының бүкіл елде қызу қолдау тапқандығын айтты.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде партия белгілеген программа совет жастарына қатты әсер етті. Елімізде Ленин комсомолының инициативасымен жастардың жаңа жерлерді неғұрлым тез игеру жолындағы, тың жерлерді күлденген өнімді егін даласына айналдыру жолындағы патриоттық қозғалысы өрістей түсуде. Отанымыздың барлық түпкірлерінен комсомолдың жолдамасы бойынша мыңдаған жігіттер мен қыздар Қазақстанға келедү.

Еліміздің барлық комсомолдерімен бірге Қазақстанның жастары да миллиондаған гектар жаңа жерді жыртып, игеру сыяқты бүкілхалықтық іске өз үлестерін қосуға ынтық. Республиканың комсомол комитеттеріне партия мен үкметтің жауапты тапсырмасын орындауға жіберуді өтінген жігіттер мен қыздардан үш мыңнан аса арыз түсті. Қазақстан астанасы жастарының екі жүзден аса өкілі республиканың солтүстік облыстарына механикаландыру мектептеріне оқуға жүріп те кетті.

Трибунада—Алматының металл өңдеу зауыдының токарі Анатолий Иванов.

—Партияның шақыруымен бізге, Қазақстанға басқа туысқан республикалардың жастары келе жатыр. Олай болса,

біз, қазақстандықтар бұл мәселеден тіпті де тыс қала алмаймыз. Біздің заводтың көптеген жұмысшылары көзірдің өзінде селова жүріп кетті. Мен және менің жұмыстағы жолдастарым—Александр Петухов пен Иван Свешников та ауыл шаруашылығында еңбек істеуге ұйғардық. Заводта біз токарьлық мамандықты меңгердік. Өз білімімізді көзір ол ең қажет болып отырған жерлер—МТС-те, тың жерлерді жыртытын машиналарды жөндеуде қолданғымыз келеді. Бізге көрсетілген сенімді ақтаймыз деп комсомолдың сөзімізді береміз.

Алматының электротехника зауыдының комсомол комитетінің секретары Ольга Масилевичке сөз берілді. Ол былай деді:

—Мен және біздің заводтың көптеген басқа да комсомолдері СОКП Орталық Комитетінің үндеуін оқып, біздің орнымыз МТС-тер мен совхоздарда болуға тиіс деп ұйғардық. Бізді онда қиын, бірақ, құрметті жұмыс күтіп тұр. Бұл іс біздерді, комсомолдерді, жастардың қолынан келмегенде, кімнің қолынан келеді?

Зауодымыздың жас жұмысшылары Мария Гулинская мен Роза Жайлыбаева көзірдің өзінде республиканың солтүстік аудандарына тың жерлер көтеру жұмысына жүріп жетті. Менімен бірге сапарға шығуға станокшы Алексей Кузнецов, жұмысшы Валентина Бубнова, слесарь Зинаида Шаповалова және басқалары да әзірленіп жатыр. Жолға шығарда біз былай дейміз:

—Туысқан партия, біз сенің тапсырмаңды аброймен орындаймыз, комсомолдың даңқты дәстүрлеріне адал боламыз.

Алматының ауыр машина жасау зауыдының слесарі Иван Сидоренко сөз сөйледі.

—Ауыр машина жасау зауыдының комсомолдері,—деді ол,—туысқан партияның үндеуіне қызу үн қосты. Біздің заводтың 30 жас өндірісшілері көзірдің өзінде республиканың солтүстік аудандарына тың жерлерді игеру жұмысына жүріп кетті. Өзім слесарьмын, тракторды жөндеу жұмысымен танысып. Мен де МТС-ке жұмысқа баруды ұйғар-

дым. Алматының жастарын бізден үлгі алуға шақырамын.

—Москва мен Москва облысының комсомолдері,—деді Алматының машина-жол станциясының электрмен болат балқытушысы Рымбек Жүмәділов,—өз елінің жігіттері мен қыздарын жаңа тың және тыңайған жерлерді игеруге белсене қатысуға шақырды. Бұл үндеуді мен қуанышпен қарсы алдым да, Қарағанды облысы МТС-терінің біреуіне механизаторлардың күресіне жіберуді өтініп, Ленин аудандық комсомол комитетіне арыз бердім. Аудандық комитет менің өтінішімді қанағаттандырды. Механизатор мамандығын жете меңгеруге уәде беремін.

Тың жерлерді көтеру жолындағы күрескерлердің алдыңғы сапында болуға жастарды шақырып, № 1 тігін фабрикасының жұмысшысы Анна Ли, Турксіб басқармасының электр монтері Виктор Акулов, «Объединение» артелінің жұмысшысы Валентина Медведева және басқалары да сөз сөйледі.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары М. Ә. Сужиков жолдас жыйналысқа қатысушыларға арнап сөз сөйлеп, республиканың алдында тұрған міндеттерді баяндады. Жаңа жерлерді игеруде, делі Сужиков жолдас, белгілі қиыншылықтар кездеседі. Республиканың бірқатар аудандарында бұрын адам мекендемеген жерлерде жаңа шаруашылықтар ұйымдастыруға тура келеді. Біздің даңқты жастарымыздың бұл қиыншылықтарды жетіндігі күмәнсіз. Қалалардан республиканың солтүстік аудандарына баратын жігіттер мен қыздар ауылшаруашылық өндірісінің техникасын батыл және табандылықпен меңгеруге, ауыл шаруашылығына индустриалық мәдениет енгізуге, еңбекте жоғары тәртіптің үлгісін көрсетуге тиіс.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің атынан Сужиков жолдас тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарға баратын жастарға Отан игілігі үшін еңбекте табысқа жетуге тілек білдірді.

Жыйналысқа қатысушылар Қазақстанның комсомолдері мен комсомолкаларына, жастарына бірауыздан үндеу қабылдады.

Сайлау құрметіндегі жарыс

☆☆

Өнім шығаруды ұлғайту күресінде

Біздің цехтың коллективі партиямыз бен үкметіміздің көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары өндірісін ұлғайту және оның сапасын жақсарту жөніндегі қаулысын ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, өткен жылды зор өндірістік табыстармен аяқтады. Шелек, астау, духовка сыяқты үй шаруасына қажетті бұйымдар шығару жөніндегі жоспар артығымен орындалды.

Бұл күндері коллектив қол жеткен табыстарды баянды етіп, өнім шығаруды ұлғайту, еңбекшілердің қажетін мінсіз өтеу жолында қазыраы еңбек етуде.

Коллектив СОРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа ұнтасып, осы жылғы бірінші тоқсанға белгіленген өндірістік жоспарды сайлау болатын күн—14 мартқа дейін барлық көрсеткіштер бойынша толық орындауға міндеттенген еді. Өндіріс қуаты мен жұмыс уақытының сарқа пайдаланудың нәтижесінде біз алған көтеріңкі міндеттемімізді ойдағыдай орындап келеміз. Январ айының өндірістік жоспары цех бойынша 164 процент орындалды. Цех өндіретін негізгі бұйымдар: кір жуатын астаулар, духовка, шелек жоспардағыдан едәуір көп шығарылды. Сол сыяқты, үстіміздегі айға белгіленген өндірістік жоспар да мінсіз орындалып келеді.

Өнімнің көп және сапалы шығарылуы ең алдымен еңбек ұйымдастыру ісінің дұрыс жолға қойылуына байланысты. Цехта әрбір жұмысшыға сменалық тапсырма кезінде беріліп отырылады. Сондай-ақ әрбір жұмысшы қажетті материалдармен, құрал-саймандармен жеткілікті қамтамасыз етіледі. Сөйтіп, жұмысшылар бүкіл смена бойына тоқтаусыз еңбек етеді. Мұның нәтижесінде сменалық тапсырма цех бойынша үнемі толық және артығымен орындалады.

Цехтың бірқатар озат жұмысшылары еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Мұндайлардың қатарында қанықтырып шеберлер Руденко, Головин, Мырзалиев, ұста Карманов жолдастар бар. Бұлардың әрқайсысы өндіріс қуатын тиімді пайдалану, өздерінің іскерліктерін үздіксіз арттыру арқылы смена сайын ұдайы екі норма орындайды.

Цех коллективі қол жеткен табысқа ешүақытта масаттанбайды. Бізде еңбек

Тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын Алматы қаласы комсомолдері мен жастарының жыйналысына қатысушылардың

У Н П Е У І

дің дәнді дақылдар егіс көлемін бірнеше миллион гектар арттыруға мүмкіндігіміз бар екенін айтса да жеткілікті. Ал партия мен үкмет бұл жұмысты қазірдің өзінде-ақ жүргізе бастады.

Партия мен үкметтің тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі шақыруын бүкіл еліміздегі республикамыздың еңбекшілері зор саяси және өндірістік өрлеумен қарсы алды. Олар тың және тыңайған жерлерді игеру өмірлік маңызы бар мәселе деп қабылдап, егіс көлемін ұлғайтып, егін шығымдылығын арттыруға қажетті шараларды жүзеге асыруға дайын екендіктерін білдірді.

Партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға жұмысқа баратын Москва қаласы мен Москва облысы комсомолдерінің жыйналысына қатысушылардың Совет Одағының комсомолдері мен комсомолкаларына және жастарына жазған үндеуіне Қазақстан комсомолдері мен жастары да қызу үн қосады, бүкілхалықтық іске қатынасатын болады.

Алматы ауыр машина жасау зауытының комсомолдері мен жастары республика еңбекшілерінің тың және тыңайған жерлерді игеруіне лайықты үлес қосу жөнінде арнаулы мәселе талқылады.

—Коммунистік партия мен Совет үкметі,—деді бұл жыйналыста Шербатов жолдас,—совет халқының алдына тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін қойып отыр. Бұл игілікті іске совет жастары өз үлесін қосады. Мен де бұл істен сырт қала алмаймын. Жаңа жерлерді игеруге еңбек үлесімді қосу үшін Ақтөбе облысына барамын.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—бүкілхалықтық іс. Бұл іске Алматы кәсіпорындарының таңдаулы комсомолдері мен жастары жас машина жасаушылардың патриоттық бастамасын қуаттап, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде игі тілек білдірді.

Партия мен үкмет республикамыздың ауыл шаруашылығын өркендету үшін зор материалдық-техникалық көмек көрсетуде. Тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын жүзеге асыру үшін совет мемлекеті Қазақстанға көп мөлшерде қуатты техника беріп, механизатор кадрларын

қате болар еді. Ол көптеген шараларды жүзеге асырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

Бірақ тың және тыңайған жерлерді игеруге әзірлік жұмыстарының барысы бірсыпыра облыстарда әлі нашар. Павлодар облысының колхоздарында игерілетін тың және тыңайған жерлерді белгілеу, ісі әлі аяқталған жоқ. Әсіресе колхоздарда егіске кондициялы тұқым қорын әзірлеу ісі қанағаттанғысыз. Облыс МТС-терінде тракторлардың 60 проценттейі ғана жөнделген. Мұнда трактор бригадаларының жұмысты өкі сменамен атқаруына тракторшылар жетіспейді.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге МТС-тер зор роль атқарады. Сондықтан да МТС-тер егіске трактор паркін, тіркеу құралдарын әзірлеуді жедел жүргізіп, трактор бригадаларында еңбекті мейлінше дұрыс ұйымдастырулары керек.

Шебер механизатор кадрларын даярлау—түбірлі мәселенің бірі. Бірақ бұл жөнінде Қазақ ССР Мәдениет министрлігінде істелген шаралар әлі жеткіліксіз. Кәзір механизатор кадрларын даярлау жұмысын мықтап қолға алу қажет. Егіс кезінде трактор бригадаларында жұмысты өкі сменамен атқаруды ұйымдастыру керек. Қос басындағы механизаторларға мәдени-тұрмыс жағынан жағдай жасауды кәзірден бастап мықтап қолға алу қажет.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге келген адамдарды, әсіресе туысқан республикалар жіберген жолдастарды жақсылан қабылдау және оларға қамқорлық көрсету—жергілікті партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының аса маңызды міндеті. Барлық жерде тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысын қызу қолға алып, егіске әзірлік жұмыстарының қарқыны мен сапасын арттыру керек. Тың және тыңайған жерлерді игеруге қажетті шаралардың барлығын жүзеге асыруға жұртшылықты белсене жұмылдыру—әрбір колхоз, совхоз, МТС бастауыш партия ұйымдарының абройлы ісі.

Ауыл шаруашылығын жаңа талаптарға сай өркендете отырып, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде қажырлы күрес жүргізейік!

(«Социалистік Қазақстанның»
24 февральдағы басмақаласы).

Депутаттыққа кандидат өз сайлаушылары арасында

СМИРНОВО, (Телефон арқылы алынды). Аудандық мәдениет үйінің кең залына Совет ауданының қызметшілері, МТС жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері, 5 колхоздың колхозшылары барлығы 300-ден астам адам жыйналды. Олар ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат Н. Д. Ондасынов жолдаспен кездесті.

Жұрт сенген өкіл Е. Сағань жолдас сайлаушыларды депутаттыққа кандидат Нұртас Дәндібайұлы Ондасынов жолдас тың өмірбаянымен, қоғамдық-саяси қызметімен таныстырды. Сөзінің соңында жұрт сенген өкіл сайлаушыларды коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаты Н. Д. Ондасынов жолдасқа бір-ауыздан дауыс беруге шақырды.

Сағань жолдас тың сөзі сайлаушылардың қызу қолдауын тапты. Жыйналысқа

қатысушылар бірінен соң бірі сөз сөйлеп, советтік Отанымыздың экономикасы мен мәдениетінің онан әрі гүлдене беруі үшін халық блогінің кандидаттарына дауыс беретіндіктерін білдірді.

«Совет» колхозының председателі Бондаренко және «Көктерек» колхозының мүшесі Ә. Кенжетов жолдас олардың сөздерінде колхозшы шаруалар партиямыз бен үкметіміздің тың және тыңайған жерлерді көптен игеру жөніндегі шақыруын зор қуанышпен қарсы алғанын хабарлады. «Совет» колхозы үстіміздегі жылы 2 мың гектар тың және тыңайған жерлерді толық игеруді ұйғарды.

Жыйналыстың соңында депутаттыққа кандидат Ондасынов жолдас сөз сөйлеп, сайлаушылардың сенімін аброймен ақтайтынын мәлімдеді.

Қазақстанның барлық комсомолдеріне, комсомолкалары мен жастарына

Қымбатты достар!

Біздің туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің екі жыл ішінде миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді көтеріп, онан дәнді дақылдар егу жөніндегі шақыруы жас совет патриоттарының жүрегінде қызу қолдау тапты. Улан-байтақ Отанымыздың барлық түшкірлерінен тың жерлерді игеруге жігерлі жастардың алғашқы отрядтары бет алды. Бізге, Қазақстанға Москваның, Украинаның, Беларусьның және басқа туысқан республикалардың жас патриоттары келе жатыр.

Москва комсомолдерінің үндеуін шын жүректен қолдан, олардан үлгі аламыз. Шынында сонда, жаңа, игерілмеген жерлерде творчестволық жұмыс істеу үшін, инициатива көрсету үшін, халық игілігі жолында жанқиярлықпен еңбек істеу үшін жігіттер мен қыздарға зор мүмкіншіліктер туады.

Республиканың солтүстік аудандарына жаңа жерлерге жүрерде біз Қазақстанның барлық комсомолдеріне, жігіттері мен қыздарына арнап былай дейміз—біздің қатарымызға қосылыңдар, қымбатты достар, бізден үлгі алыңдар!

Отан талап еткен жерде еңбек ету,—Ленин, комсомолы-

Отан игілігі үшін

Мен көп уақыт бойы Петропавлдың «Комсомолка» тігін фабрикасында тігінші болып жұмыс істеп келдім. Өз міндетіме ұқыптылықпен қарап және еңбектің озат әдістерін өндіріске шеберлікпен қолдана отырып, үнемі жақсы нәтижелерге ие болып жүрдім. Адал еңбек абройі әпереді, даңқ шығарады. Қажырлы еңбегімнің игілігін көріп, еңбекақым молайып, тұрмыс жағдайым жақсарта түсті.

Партия мен үкметіміз ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетіп, совет халқының материалдық және мәдени тілектерін барынша толық қанағаттандырудың нақтылы шараларын белгіледі. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін шаруашылықты пайдаланымай жатқан орасан зор резервтерін шұғыл іске қосу қажет екендігі түсінікті. Мұндай резервтердің бірі—тың және тыңайған жерлер. Бұл істің маңыздылығын ерекше бағалап, тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға жұмысқа баратын Москва қаласы мен Москва облысы комсомолдерінің жыйналысына қатысушылар Совет Одағының комсомолдері мен жастарына арнап үндеу қабылдады.

Бұл үндеумен толық танысқаннан кейін мен механизаторлар қатарына қосылу керек деген тоқтамға келдім. Механизатор болуға тілек білдіріп, қалалық комсомол комитетіне арыз бердім. Ол тілегім қанағаттандырылды. Әрине, жаңа жерлерді игеру жолында алғашқы кезде кездесетін қиыншылықтар аз болмайды. Бірақ, Ленин комсомолы тәрбиелеп өсірген біз сыяқты жастар үшін қиыншылық ешқашан қорқынышты емес.

Кәзір біздің «Комсомолка» тігін фабрикасында мен сыяқты механизатор бөлуді алдына мақсат етіп қойған және құрстарға баруға тілек білдірген жастар көптеп саналады. Олардың барлығының да мақсаты—партия мен үкметіміздің шақыруына іспен жауап беріп, Отанымызға неғұрлым көп пайда келтіру.

Т. ЛЫЖИНА,
«Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншісі.

ның даңқты дәстүрі. Ешкім мекендемеген жерлерде бізді қажырлы жұмыс, қиыншылықтар күтіп тұрғандығын біз жақсы білеміз. Бірақ, біздің жолдастарымыздың Бетбақдаладағы Жетісай алқабын игеру жөніндегі алғашқы қадамдары оңайлыққа түсіп пе еді, қарт Өртісті жеңу оңай болып па еді? Біз тұрмыстың жеңіл жағын іздемейміз—бізді партия осылай тәрбиеледі. Біз тамаша ауылшаруашылық машиналарымызды меңгеріп, қандай тапсырманы болсын үздік орындаймыз. Жас қолымыздың барлық күшін, жүрегіміздің барлық жалынын жаңа жерлерде егіннің жайқалып өсуі үшін жұмсаймыз.

Қымбатты достар, Қазақстанның жігіттері мен қыздары! Тың және тыңайған жерлерді игеруге жүріп бара жатып, туысқан Коммунистік партияға аруақыттағыдай Ленин комсомолының туын жоғары ұстауға ант береміз. Жас патриоттардың көптеген отрядтарының комсомолдың жолдамасы бойынша бізбен бірге сапарға шығатындығына біз күмәнданбаймыз.

Тез арада жаңа жерлерде кездесетін болайық, қымбатты достар!

ІЗГІ МАҚСАТ

Еліміздің колхоздарының, МТС-тері мен совхоздарының алдына 1954—1955 жылдардың ішінде миллиондаған гектар тың және тыңайған жер жыртып, дәнді дақылдар егу міндеті қойылып отыр. Бұл жерлерден халқымыз миллиард пұттан аса қосымша астық алады. Мұндай жүрделі міндетті шешуге кәзір бүкіл халқымыз белсене кірісуде.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге белсене қатысу—комсомолдер мен жастардың ең жауынгерлік міндеттерінің бірі. Еліміздің мыңдаған комсомолдері мен жастары партиямыздың шақыруына үн қосып, жаңа жерлерді игеру ісіне қатысуға қызу тілек білдірді.

Біздің Солтүстік Қазақстан облысында да тың және тыңайған жерлер көп. Былтыр көктемнің өзінде ғана облысымызда бірнеше он мыңдаған гектар тың және тыңайған жер астық егуге пайдаланылады. Бұл үшін облысымыз көптеген жаңа қуатты тракторлар алады.

ӨЗ ҮЛЕСІМДІ ҚОСАМЫН

Коммунистік партия мен Совет Үкметі социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге қажетті барлық жағдайларды жасап келеді. Еліміздің машина-трактор станцияларының жыл сайын отандық бірінші дәрежелі, ең жаңа техникамен молынан жабдықталуы бұған айқын дәлел.

Москва қаласы мен Москва облысының тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын комсомолдері мен жастарының жыйналысына қатысушылар Совет Одағының барлық комсомолдері мен жастарына арнаған үндеуінде оларды механизатор кадрларының қатарын көбейтуге шақырды. Ондағы көздеген мақсат—тың және тыңайған жерлерді игеріп, еліміздің экономикасын онан әрі нығайта беру. Мен де бұл бүкілхалықтық іске өзімнің лайықты үлесімді қосуды басты міндетім деп есептеймін.

Мен облыстық байланыс басқармасындағы телефон байланыс-техникалық то-

раптың қатардағы жұмысшысымын. Москва қаласының патриоттық үндеуін қызу қуаттап, тракторшылар курсына жіберуді өтініп, қалалық комсомол комитетіне өтініш жаздым. Комсомол комитеті менің бұл өтінішімді қабыл алды. Байланыс басқармасы менің өнімді жұмыс істеуіме әрқашан қажетті мүмкіншілікті толығымен жасады. Пәтер үй өте қолайлы, еңбекақым да молынан жеткілікті. Ал, партия мен үкметіміз тың және тыңайған жерлерді игеруге шақырып отырғанда мен механизатор мамандығын алсам ғана сүйікті Отанымызға орасан зор пайда келтіретіндігімді толық түсіндім. Тракторшы мамандығын алып, көктемде облыс колхоздарының бірінде тың және тыңайған жерлерді жыртып боламын.

Мен бұған дейін заводта слесарь болып істедім. Бұл уақытта да еңбек өнімділігін арттырып, сменалық тапсырманды мінсіз орындап отырдым. Тың жерлерді игерудің оңай болмайтынын жақсы білемін. Алғашқы уақытта кездесетін қиыншылықтар аз болмайды. Бірақ, одан тайсалуга болмайды. Бар жігерімді бен ынтамызды салып, қиындықтың қандайын болсын жеңіп шығамыз.

Тракторшылар даярлайтын құреты жақсы бітіріп, тың жерлерді игеруде жемісті еңбек ету—менің алдыма қойған мақсатым осы. Бұл—ізгі мақсат.

Е. СИМОНОВ,
Киров атындағы заводтың слесарі.

Мал жақсы күтімде

Булаев ауданындағы Ленин атындағы колхоздың колхозшылары мал күту жұмысын тыңғылықты ұйымдастырған. Малшылар М. Жетпісбаев, Ж. Қабанбаев, М. Шалқаров жолдас еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Олар өздерінің қарамағындағы малды қыс бойы шығынсыз, қонды өсіріп келеді.

Сауыншылар Бейсенбина, Турқанова, Құдырова жолдас оларға ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жаристы кеңінен өрістетіп отырып, қарамағындағы сыйырларды кезінде азықтандырып, олардың сүттілігін молайтуда.

Х. ҚҰРМАНҒОЖИН,
Облыстық байланыс басқармасы телефон байланыс-техникалық торабының жұмысшысы.

өнімділігін арттырып, оны шығаруды ұлғайтуға және оның сапасын жақсартуға күш-мүмкіншілік жеткілікті. Осы күш-мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, еңбекшілердің тұтынуына қажетті жоғары сапалы бұйымдарды көптен шығарамыз.

А. МЯГКИХ,
«Молот» кәсіпшілік артелінің қаңылтыр цехының бастығы.

САЙЛАУ ҚҰРМЕТІНЕ

Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозының колхозшылары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының тарихи қаулысын орындай отырып, өткен жылы мал шаруашылығын өркендетуге елеулі табыстарға ие болды. Колхозда мал өсіру жоспары барлық түлік бойынша толық орындалды. Мұнда мал шаруашылығының өнімі де мол болды.

Бұл күндері мал өсірушілер қол жеткен табыстарын баянды ету үшін мал қыстату маусымын үлгілі өткізуде. Фермаларда мал зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай күтіліп, азықтандырылады. Малшылардың бар мақсаты—мал күтімін жақсарту арқылы сайлау күніне өндірістік тартулар әзірлеу болып отыр. Олар бұл мақсаттарына сөзсіз жетеді.

А. АРҒЫНБАЕВ.
* * *

«Баян» колхозының (Преснов ауданы) мал өсірушілері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін өндірістік табыстармен қарсы алу үшін мал қыстау, төл алу маусымдарын ұйымдастырған түрде өткізуде. Бұл жұмыстарда сауыншы Б. Шөкетова жолдасы еңбекті ерекше көзге түсуде. Ол өзінің қарамағындағы сыйырлар мен жас бұзауларды жақсы күтімге алған. Сыйырлардың күтімі жақсаруы нәтижесінде олардың сүттілігі артуда. Осы сыяқты, колхоздың басқа малшылары да малды күтуде аянбай еңбек етуде.

Е. ЖАҚСЫБАЕВ.

Мал жақсы күтімде

Булаев ауданындағы Ленин атындағы колхоздың колхозшылары мал күту жұмысын тыңғылықты ұйымдастырған. Малшылар М. Жетпісбаев, Ж. Қабанбаев, М. Шалқаров жолдас еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Олар өздерінің қарамағындағы малды қыс бойы шығынсыз, қонды өсіріп келеді.

Сауыншылар Бейсенбина, Турқанова, Құдырова жолдас оларға ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жаристы кеңінен өрістетіп отырып, қарамағындағы сыйырларды кезінде азықтандырып, олардың сүттілігін молайтуда.

Колхоз малшылары қоғамдық малдың күтімін жақсарту түсіні, бірде-бір малды шығынға ұшыратпауға, рөйтіп, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін зор табыспен қарсы алуға міндеттеніп отыр. Олар кәзір алған міндеттемелерін орындау жолында қажырлықпен еңбек етуде.

С. ШАЙМЕРДЕНОВ.

Овощь, картоп өсірудің озат әдістерін кең қолдану керек

★ *Озат тәжірибе—көпке ортақ* ★

Овощь дақылдарын өсірудегі тәжірибеміз

Біздің облысымыздың ауа райы жағдайында овощь дақылдарынан, әсіресе, қыяр, сәбіз сияқты жылылық сүйгіш дақылдардан мол өнім жыйнау міндеті онайлықпен орындала қоймайды. Алайда, бұл іске ұқыптылықпен қарап, агротехникалық шараларды толық қолданғанда овощь дақылдарынан, тіпті ауа райы қолайсыз болған жылдарда да мол өнім алуға болатындығын біз өзіміздің тәжірибемізден айқын көріп келеміз.

Біздің огород бригадасы өткен жылы әрбір гектар бойынша тапустадан — 300 центнер, помидордан — 250 центнер, қыярдан — 150 центнер өнім жыйнады. Ал, жекелеген звено мүшелері бұдан да зор табыстарға жетті. Мәселен, А. Костилова жолдас басқарған звено мүшелері өткен жылы қыярдың әрбір гектарынан 340 центнер өнім алды. Әрине, мұндай жетістіктер өзінен өзі бола қойған жоқ. Бұл табысқа жету үшін қолда бар жұмыс мүмкіншіліктерді іске орынды пайдаландық. Мен төменде овощь дақылдарын өсірудегі өзіміздің тәжірибеміз туралы айтпақпын.

Біздің колхозда помидордың «Алпатыев», капустаң «Слава», қыярдың «Астраханек» және «Вязниковск» деп аталатын сорттары өсіріледі. Бұл сорттар суыққа шыдамды әрі мол өнімді. Біз помидордың тұқымын суыққа төзімді ету үшін оны егуден 30 күн бұрын марладан жасалған жұқа қаптың үшін екі бөлегіне толтырып, 12 сағат бойы бөлме температурасындағы суға жартылай батырамыз және қаптары дөңді жиі аударыстырып отырамыз. Бұл тұқымдық дөңнің бірте-бірте және бірдей мөлшерде дымқылдануы үшін де қажет. Тұқымды дымқылдандырып болғаннан кейін оған араласқан судың біраз сарқылуына мүмкіндік береміз. Бұдан кейін тұқымдық дөң 18 сағат бойына бірден бес градусыққа дейінгі салқындығы бар бөлмеде сақталады. Тұқымдық дөңнің температурасын өзгертіп отыру оны ескенге дейін жүргізіледі. Бұл уақыттың ішінде тұқымның көктеп келуіне ерекше назар аударамыз.

Тұқымды парникте егу 20—25 апрельде жүргізіледі. Ал, помидор тұқымының көшетіне парниктер жасау 5 апрельден басталады. Парник жылқының қалыңдығы 60—65 сантиметр қызған қылымен толтырылады. 5 күннен кейін, немесе қып өбден қызып болғаннан кейін қыдың беті тегітеледі. Әрбір раманың астындағы қыяға 500 граммнан күл себіледі. Біз мұны жіңішке саңырауқұлақ жіпшелер пайда болмауы үшін істейміз. Бұлдің үстіне қалыңдығы 8—10 сантиметр

тырады. Біздің осы әдіспен өсірген помидорымыз 1953 жылғы 19—20 июльде болған күшті суыққа қарамастан мол өнім берді.

Біз помидор егу үшін жерді күздікте дайындадық. Ол участок түренді плугпен 25—27 сантиметр тереңдікте жыртылды. Оған қыста қар көп тоқтатылды, ерте көктемде екі рет тырмаланды, арам шөптерден тазартылды. Сөйтіп, 18 майда көшеттерді егіс алаңына отырғыздық. Бұған дейін көшеттерде 6—7 жапырақ және өлі жарымаған гүлдер пайда болды. Көшеттерді қосарғанда олардың тамыр құрылысын бұзбау үшін арнаулы күрекпен 10—12 сантиметр тереңдіктегі топырақпен қоса қазып алдық. Тамырлары құрғап кетпеуі үшін алынған көшеттер 10 процент сыйырдың жас қыянан, 50 процент шіріндіден және 40 процент судан әзірленген қоректі қоспаға батырылады. Ол көшеттің тамыр құрылысын кеуіп кетуден сақтап қана қоймай, жас өсімдікке қоректі зат есебінде де көп пайдасын тигізеді.

Кісіп жетілген өнімді біз өткен жылы 15 августтан бастап жыйнадық. Тұқымдық дөңді алғашқы рет жыйналған және мол өнімді участоктерден іріктеп алдық.

Біз капустаң «Слава» сортының көшеттерін өсіруде де озат тәжірибелерді кеңінен қолдандық. Капуста көшеттерін жел тимейтін жерде өсірген жөн және көшет егілетін топырақты нағыз құнарлы өнімді мол беретін егін участкелерінен таңдап алған жөн. Капуста көшеттерін егуді май айының алғашқы күндерінен бастадық. Қатараралықтары 5-7 сантиметрден алып, әрбір шаршы метрге 3 грамм тұқым сеіттік. Тұқым 1—1,5 сантиметр тереңдікке сіңірілді және топырақтың беті шіріндімен жабылды. Бұлай еткенде жердегі ылғалдың бұға айналуы азаяды, топырақтағы жылылық түнгі уақытта да жақсы сақталады, ал, күндіз топырақ күннің көзінің қуатынан тым қызып кетпейді. Көшеттерді капуста шыбынынан, жер бүргесінен сақтау үшін олар гексохлоранмен дәріленеді. Топырақты ылғалдауға, қосытуға, арам шөптерден тазартуға, жете назар аударылады. Көшетті егістікке отырғызуды 1 июньнен бастаймыз. Көшеттер егілгеннен кейін әрбір өсімдіктің түбі 500 грамм шіріндімен жабылады. Қатараралығы 70x40 сантиметр алынып, әрбір гектар егіс алаңына 30 мың көшет отырғызылады. Сөйтіп, жаз бойы капуста түбі 4 рет қосытылып, бірнеше рет арам шөптерден тазартылады.

Капуста егілетін жер 20 сантиметр тереңдікте жырталады. Қыяры біз «СОТ»

Жаңалықты өндіріске батыл енгіземіз

Шаршы-ұялы әдісті қолдану — маңызды агротехникалық шара. Тұқымды «СП-6» сеялкасымен себу дөңнің жерге біркелкі себілуін, тұқым себу нормасының қатаң сақталуын және дақылдардың қатараралықтарын баптап, жұту жұмыстарының механика күшімен атқарылуын қамтамасыз етеді. Мұнымен бірге, шаршы-ұялы әдіс қол жұмыстарының 3—4 есе кемітілуіне мүмкіншілік береді, егіннен алынатын өнімнің мол болуына қолайлы жағдай туғызады.

Отамалы егіс егуде шаршы-ұялы әдісті қолдану үшін алдымен тұқым себуші адамдарды дайындау ісіне жете көңіл бөлу керек. Тұқым себуші адам «СП-6» тұқым сеікішінің құрылысын жақсы білуге тиіс. Егіс егуде шаршы-ұялы әдісті дұрыс қолдану үшін егіс алаңын тұқым себуге мұқият әзірлеу керек. Егіс алаңындағы барлық өсімдіктердің тамырларын жою қажет. Егіс алаңын тегістеу және арам шөптердің тамырларын жою үшін алдымен жерді тырмалаған жөн.

Егіс егуде шаршы-ұялы әдісті дұрыс қолдану үшін маркердің (егістік жерге машина жүретін із салатын құрал) маңызы ерекше күшті. Маркерлер түзу және қатараралықтары бірдей болуы керек. Өйткені, тұқым себу жұмысы осы маркер бойынша жүргізіледі. Егіс алаңына маркерді пайдалану — шаршы-ұялы әдісті агротехникалық ережеге сай дұрыс қолданудың негізгі жолы болып саналады. Маркерді егістік алаңды культивациялаған тракторға тіркеуге болады.

Шаршы-ұялы әдісті қолдану үшін тұқымдық материалды дайындау ісіне жете назар аудару қажет. Картопты осы әдіспен егу үшін ең алдымен тұқымдық картопты біркелкі іріктеу ісін және оның таза болуын жүзеге асыру керек. Егер тұқым таза болмаса, онда «СП-6» тұқым сеікішінің себу аппараттарының жұмыс істеуі ауырлайды.

Тұқым себуді үлгілі өткізу және тұқымның әрбір ұяға біркелкі түсуіне жетіу үшін тұқым сеікішінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Тұқым себуші сеяланың әрбір бөлігін жете біліп, оның жұмыстарын, техникасын игеруге міндетті.

Отамалы дақылдарды шаршы-ұялы әдіспен егу тәртібін игеру бұл дақылдардың өнімін арттырудағы негізгі жол дедік. Ал, бұл әдісті мұқият қолдану үшін отамалы дақылдарды терең жыртылған зыбке отырғызған дұрыс. Бұл жерлер көктемнің алғашқы күндерінде екі ізде тырмаланады. Тұқым себердің алдында егістік алаңдың топырағы ұсақ болуы үшін оны тегістеу керек.

Жұмыс тұқымды шаршы-ұялы әдіспен егумен ғана бітпейді. Бұдан кейін егілген дақылдарды кезінде баптап күтуді тыңғылықты ұйымдастыру қажет. Сондықтан



Қазақ ССР. Талдықорған ауданындағы Сталин атындағы озат артельді тәжірибелі ұйымдастырушы Социалистік Еңбек Ері Н. Алдабергенов жолдас басқарады. Артель шаруашылығына істі біле басшылық етіп Н. Алдабергенов Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советінің депутаты ретінде үлкен жұмыс жүргізуде. Ол сайлаушылармен үнемі тығыз байланыс жасап, колхозшылардың талаптарына сергектікпен құлақ асып отырады.

СУРЕТТЕ: колхоз председатели, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Н. Алдабергеновтың колхоз мүшелері — сайлаушылар М. Саркөбенов және Социалистік Еңбек Ерлері, звено бастықтары Н. Нүрпейісов, Д. Серікқоиев әңгімелесіп отырған кезі.

Малшылар кеші

Жуырда Преснов ауданы мал фермаларының жүзге жуық қызметкерлері аудандық Мәдениет үйіне жыйналды. Мұнда аудандық Мәдениет бөлімінің инициативасы бойынша колхоз малшыларының кеші өткізілді.

Кеште «Ауданда мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің жайы және алда тұрған міндеттер туралы» аудандық атқару комитеті председателинің орынбасары Стаценко жолдас баяндама жасады. Баяндамадан кейін мал шаруашылығының озаттары өздерінің тәжірибелері туралы айтты. «Организованный труд» колхозының 1953 жылы әрбір сауын сыйырдан 1800 литрден сүт сауған сауыншысы Буштаренко жолдас малды азықтандыру және күту жөніндегі тәжірибесін ортаға салды.

Хрущев атындағы және «Победа» колхоздарының мал фермаларының меңгерушілері Шени және Березанов жолдасар еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың тиімді екендігі туралы айтты. «Новый свет» кол-

Орыс әдебиетінің кеші

Баян орта мектебі (Преснов ауданы) оқушыларының орыс әдебиеті үйірмесінің жұмысын оқытушы Д. Әуелбеков жолдас басқарады. Жуырда үйірме мүшелерінің кеші өткізілді. Онда «Орыстың ұлы ақыны И. А. Крыловтың өмірі және творчестволық қызметі» деген тақырыпта оқушылар В. Кәкімжанова,

хозының председатели Кокорин жолдас өзі басқарып отырған шаруашылықта малды қолда бағуды қалай ұйымдастырғандықтарына толық тоқталды. Бүгінгі атындағы совхоздың таңдаулы малшыларының тәжірибелері туралы совхоздың бас зоотехнигі Тумысов жолдас айтты.

Кешке қатысушылар ұйымдасқан түрде Сталин атындағы колхоздың мал фермасына экскурсияға барды. Мұнда олар мал азығын дайындауды механикаландырумен танысты. Ферма қызметкерлері малды азықтандыруды жақсарту нәтижесінде январь айында сүтті декабрь айындағыдан екі есеге жуық артық сауды.

Кешке қатысушылар «Ірі қара малды жайып бағу», «Малды азықтандыру» деген кинофильмдерді көрді. Кештің соңында аудандық Мәдениет үйінің көркемөнершілері концерт берді.

Х. АСХАТОВ.

Шаңғышылар жарысы

Жуырда Явленка селосында шаңғышылардың аудандық жарысы өткізілді. Еркектер үшін болған 10 километрлік жарыста бірінші орынды Явленка орта мектебінің оқушысы Сидоркин, екінші орынды Филоненко, ал, үшінші орынды Еңбек мектебінің оқушысы Дәулетбаев жеңіп алды.

БОЛГАР КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ VI СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫ

СОФИЯ, 25 февраль. (СОТА). Бүгін Софияда Болгар Коммунистік партиясының VI съезі ашылды.

Съезді Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің атынан және оның тапсыруы бойынша БКП Орталық Комитетінің Саясаттық бюросының мүшесі Георгий Дамянов ашты. Ол даңышпан Лениннің ісін алға апарушы ұлы И. В. Сталинді және болгар халқының көсемі әрі ұстазы Георгий Димитровты орыннан тұрып еске түсіруді ұсынды. Сол сыяқты, съезд Василь Коларовты, Владимир Поптомовты және партияның V съезінен кейін қайтыс болған Болгар Коммунистік партиясының басқа қайраткерлерін де съезд орыннан тұрып еске түсірді.

Георгий Дамянов съезге қатысып отырған Совет Одағы Коммунистік партиясының құрамында П. Н. Поспелов, М. Б. Митин және И. Т. Виноградов бар делегациясын, сол сыяқты, басқа коммунистік және жұмысшылар партияларының делегацияларын жылы шыраймен құттықтады. Залда СОКП және туысқан партиялардың құрметіне оvation жасалды.

Съезд президиум сайлап, оған Болгар Коммунистік партиясының көрнекті қайраткерлері енді. Сол сыяқты, съездің басқа да органдары сайланды.

Съезд делегаттары зор өрлеу үстінде құрметті президиумға Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетін сайлады.

Съезд мынадай күч тәртібін бекітті:

1. Болгар Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің есепті баяндамасы — баяндамашы БКП Орталық Комитетінің бас секретары Вылко Червенков.

2. Орталық Тексеру комиссиясының есепті баяндамасы — баяндамашы Орталық Тексеру комиссиясының председатели Йордан Катранджиев.

3. Болгар Коммунистік партиясының Уставына өзгерістер енгізу — баяндамашы БКП Орталық Комитетінің секретары Тодор Живков.

4. Болгар Коммунистік партиясының Орталық органдарын сайлау.

Күн тәртібін бекіткеннен кейін бірінші мәселе бойынша Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің есепті баяндамасы үшін Вылко Червенков жолдас сөз алды, оны съездің делегаттары мен қонақтар жылы шыраймен қарсы алды.

ГЕНЕРАЛ НАГИБТИҢ ОРНЫНАН ТҮСУІ

ПАРИЖ, 25 февраль. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Каирдан генерал Нагиб республика президенті, «баспы революциялық совет» председатели және премьер-министрдің қызметтерін өз жауапкершілігінен алды деп хабарлайды.

Генерал Нагиб өзінің жеке қара басына төтенше өкілдіктер беруден «басшы революциялық советтің» бас тартуына байланысты орнынан түскен.

тіне қалыңдығы екі-үш сантиметр шірінді үгіңдісі себіледі. Бұдан кейін парник суарылады және оған тұқым себу жұмысы жүргізіледі. Тұқым әрбір шаршы метрге екі грамм мөлшерінде себіледі. Тұқымдық дән шірінді үгіңдісімен араласқан топырақпен жабылады. Тұқым көктем шыға бастағанға дейін жарық көп беріліп, желдеткіш күшейтіледі. Температура 5—7 күнге дейін күндіз —10—12 градус, түнде —4—5 градуста сақталып, онан кейін бірте-бірте мүлде төмендетіледі. 7 күн өткеннен кейін температураны күндіз 15 — 18 градусқа, түнде 8—10 градусқа дейін қайта көтереміз. Бұл өсімдіктің бойын өсіруді шапшаңдату үшін керек. Көшеттерді осылайша шынықтыру өсімдіктің суыққа төзімді болуын арт-

тұқым себілгеннен өеміз. Тұқым дымқылдандырылып себіледі. Себу жұмысы 16—22 майда жүргізіледі.

Колхозымыз 1953 жылы өсімдік дақылдарын сатудан ғана 173.346 сом ақшалай табыс алды. Біз быйыл өсімдік дақылдарынан өнімді, ақшалай табысты өткен жылғыдан да арттыруды көздеп отырмыз. Ол ойымыз сөзсіз орындалады. Бүгінгі күні колхозшылардың және біздің өгөрод бригадасы мүшелерінің СОКП Орталық Бюроеті сентабры Пленумының қаулысын орындау жолындағы қажырлы еңбектері кеніл.

М. ОХРИМЕНКО,
Полудень ауданы, Сталин атындағы колхоздың өгөрод бригадасының бригадирі.

картон пен овоцты және күнбағысты жаздың күні күту ісіне ерекше назар аударып, оны үлгілі ұйымдастырулары керек. Бұл дақылдардың арам шөптерін жоюға және картон пен овоцтардың түптерін қопсытуға агротехникалық ережелерге сай өткізуге тығыз байланысты. Адамдар өз ісіне сондай жауапты қарауы керек. Әрбір түптегі өсімдіктің өсуі егісті баптау күтуді агротехникалық ережелерге сай өткізуге тығыз байланысты. Отамалы дақылдарды шаршы-ұялы әдіспен отырғызу — өлімізде ауылшаруашылық өнімдерінің, әсіресе картон пен овоцтың мол болуына келелі үлес қосады.

В. ӘБИЕВ,
Октябрь ауданындағы Торангүл МТС-нің агрономы.

Бригадирлерге кеңес

Егіс бригадаларында есеп жүргізуді және еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру

Еңбек ұйымдастырудың бригадалық формасы колхоз құрылысының алғашқы жылдарында туды. Демек, бұл бригадалық форма колхоздарда қоғамдық еңбекті ұйымдастыруда негізгі, нағыз дұрыс форма болып саналады және ол үнемі жетілдіріліп келеді.

Турақты өндірістік бригадалар егін шаруашылығында, овоц шаруашылығында, мал шаруашылығында, мал азығын өндіру және құрылыс салаларында құрылады.

Егіс бригадасы—егіншілердің еңбегін ұйымдастырудағы ең негізгі және ең басты форма. Ауылшаруашылық артелінің Уставына байланысты бұл бригадаларда колхозшылардың турақты бір тобы бекітіледі. Бригадаға бекітілген колхозшылардың саны бригаданың алдында тұрған өндірістік міндеттердің көлеміне сәйкес болуы керек.

Егіс бригадаларына колхоздың егістік жері ауыспалы егіс тәртібінің толық мерзімі аяқталғанға дейін бекітіліп беріледі. Мәселен, егер бригадада 10 танапты ауыспалы егіс жүйесі енгізілген болса, онда ол жер бригадаларға он жыл бойына бекітіледі. Біздің облыс колхоздарының жағдайында егіс бригадаларын ауыспалы егіс жүйелерінің санына қарай құрған тиімді. Өйткені, бұл егіншілік жұмыстарына трактор бригадасының да, егіс бригадасының да күш қуатын өнімді пайдалануға жағдай жасайды.

Ауылшаруашылық артелінің Уставы әрбір бригадаларға өндіріс құралдарын — машиналарды, тасымал құралдарын, жұмыс қолықтарын, ұсақ құрал-саймандарды және қажетті құрылыстарды да акт бойынша бекітіп беруді талап етеді. Ал, бригадир өзіне бекітіліп берілген өндіріс құралдарын бригаданың мүшелеріне — жекелеген колхозшыларға бекітеді.

Мұның өзі колхоздың өндіріс құралдарын жұмысқа пайдаланудағы несіздікті болдырмауға, колхозшыларды қоғамдық мүлікті сақтауға жауаптылықпен қараушылық рухында тәрбиелеуге көмектеседі. Бригадаға бекітіліп берілген өндіріс құралдары мен мүліктер сол бригаданың бригадирінің толық билігінде болады. Оларды бригадирдің немесе колхоз басқармасының рұқсатынсыз пайдалануға ешкімнің правосы жоқ.

Егіс бригадасының бригадирін колхоз басқармасы екі жыл мерзімге тағайындайды. Бригадир тағайындалғаннан кейін өндірісін ұйымдастыру қолынан келетін озат колхозшылардан тағайындалуға тиіс. Колхоз өндірісінде бригадир үлкен ұйымдастырушылық роль атқарады. Ол бригадалар бойынша барлық өндірістік тапсырмалардың кезінде орындалуына жетісу үшін колхозшыларды әрбір жұмыстың саласына бөледі, олардың еңбегін ұйымдастырады, жұмыстың жоғары сапалы болуын қамтамасыз етеді, орындалған жұмысты қабылдап алады, оны орындаған колхозшыларға еңбеккүн есептейді. Бригадир ауылшаруашылық машиналардың, жұмыс қолықтарын, тасымал құралдарының орынды пайдаланылуын басқарады. Сондай-ақ бригадаларға бекітілген құрылыстардың жағдайын үнемі бақылап отырады. Бригаданың барлық жұмысы, оның жылдық өндірістік тапсырмасы мен ауылшаруашылық жұмыстарын орындаудың маусымдық жоспары негізінде ұйымдастырылады. Ал, бригаданың жұмысын ұйымдастыруда және жүргізуде бригадир колхозшылармен ақылдасып, олардың бағалы ұсыныстарын іске пайдаланып отыруы керек.

Шаруашылық жылының басында бригаданың барлық жұмыстарын дұрыс жоспарлау — колхозшылардың еңбегін дұ-

рыс ұйымдастырудың өндірістік күштерді өнімді пайдаланудың басты шарты болып табылады. Егіс бригадасының жұмыс көлемі, жұмсалатын еңбеккүн, мөлшері жылдық өндірістік тапсырмада белгіленеді. Өндірістік тапсырмада бригадалардың колхозшылардың саны, бригадаларға бекітілген егістіктің, жемішпай дайындаудың және тасудың жоспарлары, ауылшаруашылық дақылдарының әрбір гектарынан алынғаны тиіс өнімнің мөлшері талдап көрсетіледі. Әрбір жұмыстың саласына қанша еңбеккүн жұмсау керек екендігі жоспарланады.

Колхоз басқармасы бригадирлердің, мамандардың қатысуымен жылдық өндірістік тапсырмаларды негізге ала отырып, әрбір маусымда істелетін жұмыстардың жоспарын жасайды. Бұл жоспар трактор бригадасының жұмыс жоспарымен тығыз байланысты жасалады. Жақсы жасалған маусымдық жұмыс жоспары әрбір маусымда істелетін жұмысқа алдын ала әзірленуге, сөйтіп, ол жұмыстардың тағайындалған мерзімде орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді.

Колхоздарда табысты дұрыс бөлу — колхозшыларды еңбекке ынталандырудың аса маңызды шарты. Колхоздарда табысты әрбір колхозшының еңбегіне қарай бөлу принципі қолданылады. Бұл принцип колхозшылардың істеген еңбегіне еңбеккүн есептеу арқылы жүзеге асырылады.

Еңбеккүн деленіміз — еңбектің саны мен сапасының өлшемі. Сонымен бірге ол артельдің заттай және ақшалай табысын бөлуге әрбір колхозшының қатысуының өлшемі. Сондықтан колхозшылардың еңбегін есептеуі және еңбекке ақы төлеуді дұрыс ұйымдастырудың маңызы өте зор.

Еңбеккүн колхозшының нақтылы атқарған жұмысына ғана есептелуге тиіс. Бұл үшін бригадир жұмыс күні басталмас бұрын, әрбір колхозшының немесе жұмысты бірлесіп істейтін біртұтас колхозшының күндіз атқаратын жұмысының нормасын белгілеуі қажет. Ал, жұмыс күні аяқталғаннан кейін олардың жұмыс нормасын орындауын, оның сапасын тексеріп, қабылдап алуы және оларды орын-

дамадан соң IX -класс оқушылары Крыловтың мысалдарынан үзінділер оқыды.

Жуырда әдебиет үйірмесінің мүшелері орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкин туралы әдеби кеш өткізбек.

С. ҚАЙЫРЖАНОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Бізге фельдшер келмейді“

Редакцияға түскен, газетте жарияланбаған осы тақырыпты тілші хатында Октябрь ауданы. «Заря коммунизма» колхозындағы фельдшер Самойленко жолдастың өз жұмысына жауапсыз қарап, бригадалардағы колхозшыларды

даушыларға еңбеккүн есептеуі керек. Аса қауіпті жұмыстар кезінде және бригадирге көмекші керек деп есептеген жағдайда колхоз басқармасы бригадаларға есепші тағайындайды.

Бригадир колхозшылардың атқарған жұмысына есептелген еңбеккүндерді, істелген жұмыстың атын, мөлшерін көрсетіп «Еңбеккүн есептеу ведомостіне» және колхозшылардың еңбек кітапшасына күн сайын жазып отыруға міндетті. Бригаданың «Еңбеккүн есептеу ведомості» бригадир әрбір апта сайын колхоз бухгалтеріне тапсырып отыруға тиіс.

Барлық дөңді дақылдар егісінен жоспардан тыс өнім алған егіс бригадаларының мүшелеріне, жоспардан артық алынған өнімнің төрттен бір бөлігі қосымша ақы ретінде беріледі. Мұның өзі бригадалар мүшелерінің еңбек өнімділігін арттыруға, өзіне тапсырылған жұмысты сапалы орындауға ынталандырады.

Колхоз басқармалары өндірістік жоспар жасағанда егіс бригадаларының колхоз өндірісіндегі негізгі күш екенін ескеріп, оның өзіне міндеттелген жұмыстарды ойдағыдай орындауын қамтамасыз ету жағына баса көңіл аударуы керек.

СОКП Орталық Комитетінің сентабры Пленумы бүгін ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астық шаруашылығын барынша өркендету, әсіресе, тың жерлер есебінен аса бағалы азық-түліктік дақыл — жүздік және жаздық бидайдың шығымдылығын онан әрі арттыру міндетін қойды. Колхоздарда егіс бригадаларын дұрыс ұйымдастыру, бригадалардың еңбек тәртібін нығайту, колхозшылардың еңбегін есептеу, оған ақы төлеу жұмыстарын жақсарту сентабры Пленумы ала қойған осы міндеттерді ойдағыдай шешуге, сөйтіп, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беруге, колхозшылардың әл-ауқат, мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсарту беруге көмектеседі.

Х. БЕЙСЕМБАЕВ.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ұйымдастыру-колхоз істері жөніндегі басқармасының бастығы.

отуден әйелдер арасында бірінші орынға К. Оспанова шықты.

Шаңғышылардың аудандық жарысында командалық бірінші орынды Явленка орта мектебі, екінші орынды Еңбек мектебінің спортшылары алды.

К. ШӘЙМЕРГЕНОВА.

дәрігерлік көмекпен қамтымай отырғандығы айтылғанды.

Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Верещагина жолда редакцияға тілші хатында көрсетілген фактілер тексерісте анықталды, қызметіне жауапсыз қарағаны үшін фельдшер Самойленкоға сөгіс берілді, деп хабарлады.

«ЖАУАПСЫЗ ДҮКЕНШІ»

Редакцияға түскен, газетке жарияланбаған осы тақырыпты тілші хатында Совет ауданындағы Аманкелді атындағы колхоз дүкенінің сатушысы Шахметовтың совет саудасын бұрмалап, тұтынушылардың тілегіне сай жұмыс істемей отырғандығы айтылған болатын.

Совет аудандық тұтынушылар одағы бізге тілші хаты бойынша жүргізілген тексерістің нәтижесінде, онда көрсетілген фактілер анықталып, дүкен сатушысы Шахметовқа сөгіс берілді, деп хабарлады.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАКСИ МЫРЗА»

Сеанстар сағат 6,30-8,10-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОҚЫТУШЫ»

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,30-да басталады.

АҚШАНЫ ЖЫНАҚ КАССАЛАРЫНДА САҚТАУ СЕНІМДІ, ПАЙДАЛЫ ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ

Мемлекеттік еңбек жыйнақ қассалары ұтысты вкладтар қабылдайды

Ұтысты вкладтар бойынша ұтыс ретінде кіріс төленеді. Ұтыс тиражы жылына екі рет апрельде және октябрьде өткізіледі.

Әрбір тиражда ұтысты вклад бойынша ашылған 1000 есепке 25 ұтыс шығады. Оның ішінде ұтыс шыққан вкладтың жартыжылдықта қалған орташа сомаға:

200 процент мөлшерінде 1 ұтыс

100 процент мөлшерінде 2 ұтыс

50 процент мөлшерінде 22 ұтыс шығады.

Ұтыс мөлшері вкладтың сомасына және оның жыйнақ қассасында сақталу

Мемлекеттік еңбек жыйнақ қассалары мен мемлекеттік кредиттің облыстық басқармасы.

мерзіміне қарай болады. Вкладтың сомасы неғұрлым көп болса және жыйнақ қассасында неғұрлым ұзақ сақталса осы вклад бойынша ұтыс сомасы сол-ғұрлым көп болады.

Ұтысты вкладтар бір жыйнақ кітапшасына 5 мыңнан 10 мың сомға дейін қабылданады. Вкладтың бір немесе бірнеше жыйнақ қассасында бір немесе бірнеше есеп ашуға правосы бар.

Ұтысты вкладтар бойынша кезекті 23—тираж 1954 жылғы апрельдің бірінші онкүндігінде өткізіледі.

Ақшаларыңызды жыйнақ қассаларына сақтауға беріңіздер.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.